«КИЕЛІ ШЫҒЫС»

Оқу-танымдық турлар басталды

Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Облыста 7-8 сынып оқушылары үшін ұйымдастырылған «Киелі Шығыс» оқу-танымдық турлары өз жұмысын бастады.

Аталмыш жоба облыстық білім басқармасы мен «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» бастамасымен жүзеге асуда.

Турларға «Киелі Шығыс» интеллектуалдық конкурсының жеңімпаздары – 200 дарынды оқушы қатысуда. Үш күндік саяхат келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылды: Берел; Қиын-Керіш; Таулы Үлбі – Риддер қаласы; Сібе көлдері – Таулы Үлбі – Шемонаиха қаласы.

Бағдарламаға тарихи және табиғи орындарға экскурсиялар, шеберлік сыныптары, туризм негіздері бойынша тәжірибелік сабақтар, жаяу серуендер, спорттық ойындар, эстафеталар мен тимбилдинг жаттығулары енген.

8-10 шілде аралығында оқу-танымдық турлардың бірі Өскемен – Берел – Өскемен бағыты бойынша өтті.

Тур аясында қатысушылар «Медведский» көк шырша өсіру орман питомнигіне, «Баян» марал шаруашылығына, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне, әйгілі Берел қорғандарына, жазушы Оралхан Бөкейдің Шыңғыстай ауылындағы үй-мұражайына және Қатонқарағай ауылындағы «Жас туристер станциясына» барды.

Жоба оқушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін арттырып, өлкетану мен экотуризмге деген қызығушылығын дамытуды мақсат етеді.

«ӨРЛЕУ»

Ұстаздар біліктілігін арттырмақ

Шілде және тамыз айларында еліміз бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырған курстар жалғасады.

Осы кезеңде 11 мыңнан астам педагог білім алады деп жоспарланып отыр.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ақпараты бойынша, бағдарламалар бастауыш сынып мұғалімдерінен бастап қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық пәндер педагогтеріне дейін қамтиды.

Тыңдаушылардың бір бөлігі инклюзивті білім беру, көшбасшылық, инновациялар мен цифрлық сауаттылық бойынша курстарды таңдаған.

Жыл басынан бері мұндай курстардан 31 мыңнан астам мұғалім өтті. Атап айтқанда, ауыл мектептерінің педагогтері белсенділік танытып, олардың үлесі жалпы санның 56%-ын құрады.

ОЛИМПИАДА

Сингапурдан жүлдемен оралды

Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ
Жібек НҰРАХМЕТ

Өскемен қаласындағы әуежайда ерекше сәт орын алды. Сингапурде өткен SIMOC-2025 халықаралық математика олимпиадасынан күміс медальмен оралған №25 облыстық математика, физика, информатика саласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-лицейдің 3А сынып оқушысы Жәңгір Дастанұлын ұстаздары, сыныптастарының ата-аналары, достары мен жақындары зор қуанышпен қарсы алды.

Жас та болса, білім мен табандылықтың жарқын үлгісін көрсеткен Жәңгір – облыстық мектеп-лицейдің мақтанышы. Ол қатысқан SIMOC (Singapore International Math Olympiad Challenge) – әлемнің 37 елінен келген 2380 қатысушыны біріктірген ауқымды білім додасы. Жәңгір бұл жарыста жекелей турда күміс, топтық есепте алтын медаль жеңіп алды.

Қазақстанның атынан бұл додаға 14 оқушы қатысқан, олардың барлығы – дәл осы №25 мектеп-лицейдің шәкірттері. Олимпиадаға қатысу үшін мектеп ішінде бірнеше кезеңнен тұратын іріктеу турлары өткізілді. Барлығы бейнебақылау арқылы қадағаланып, нәтижесінде үздіктерге Сингапур тарапынан бөлінген 14 квота берілген. Бұл – аталмыш білім ордасының жоғары деңгейдегі дайындық жүйесінің, кәсіби ұстаздар құрамының және балалардың ынта-жігерінің нәтижесі.

Жәңгірдің жеңісі – кездейсоқтық емес. Ол бұған дейін де бірқатар халықаралық додаларда ел мерейін үстем еткен. Атап айтқанда:

– FEMO–2024, Ташкент қаласы – алтын медаль;

– IJMO–2024, Стамбұл қаласы – қола медаль;

– FEMO–2025, Баку қаласы – күміс медаль;

– SIMOC–2025, Сингапур – күміс медаль.

Халықаралық білім сайыстары сингапурлық математикалық әдістемеге негізделген. Бұл бағыттағы тапсырмалар логикалық, стандартты емес ойлауды талап етеді. Жыл бойы тұрақты дайындық, тәртіп пен табандылық – жас дарынның жетістігінің негізгі формуласы.

– Ұлымның табыстары – тек біздің ғана емес, ұстаздарының, бүкіл Қазақстанның жетістігі. Біз әр жарысқа өз қаражатымызбен барамыз. Баламның дарынын шыңдау үшін бар уақытымды соған арнап жүрмін. Жәңгірдің дарындылығын шыңдауда оның ұстазы әрі мектебіміздің директоры Тинькова Светлана Юрьевна зор үлес қосып келеді. Ол Жәңгірмен жыл бойы тығыз жұмыс істейді, олимпиадаларға дайындықты да өзі жүргізеді. Жәңгір математикадан бөлек, футбол мен жүзумен де айналысады. Ол футбол клубының негізгі құрамында ойнайды, – деді Жәңгірдің жетістігі туралы анасы Сәния Мырзабекқызы.

Жәңгір үш баланың ортаншысы екен. Анасы Сәния Мырзабекқызының мамандығы – инженер-экономист. Отбасындағы балалардың әрқайсысы өз бағыты бойынша дамып келеді.

– Уақыт белдеулерінің айырмашылығы балаларға көп әсер етпеді, өйткені біз жарысқа бірнеше күн бұрын барып, бейімделіп үлгердік. Олимпиадада медаль алған өзге балалардың есімдерін де атап өткім келеді. Олар Тимур Қулурманов жекелей турда қола, топтық турда күміс медаль, Ярослав Кузнецов топтық есепте қола медаль иеленсе, Алишер Хасенов және тағы басқа балалар да жүлделі орындардан көрінді. Барлық ата-аналар мен ұстаздарға алғысым шексіз. Ұл-қыздарымыздың әлемдік деңгейдегі олимпиадалардан жүлдемен оралуы – еліміздің абыройы! – деп қосты Жәңгірдің анасы.

Бүгінде Жәңгір сынды дарынды балалар – еліміздің болашағы. Олардың халықаралық ареналарда ел намысын қорғауы – тек білім саласының ғана емес, мемлекетіміздің беделін көтеретін маңызды жетістік.

IT

Болашақ технологияларына мектеп қабырғасынан бастап

Дамир ОМАРОВ, Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Шығыс Қазақстан облысы – мектеп оқушыларын жасанды интеллект негіздеріне оқытуды бастаған еліміздегі алғашқы өңірлердің бірі. Бүгінде өңіріміздің жеті мектебінде жасанды интеллектке және ойын жасауға үйретуге бағытталған пилоттық жоба іске асырылуда.

ШҚО білім басқармасы

Облыстық білім басқармасының ақпараты бойынша, 2025 жылдың басынан бері 10-сыныптың 319 оқушысы осы заманауи курстарға қатысты. Олардың 143-і – жасанды интеллект бағыты бойынша, ал 176-сы – компьютерлік ойын әзірлеудің қыр-сырын меңгеруде.

Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес іске қосылған edu.astanahub.com онлайн-платформасы негізінде жүзеге асуда. Аталған платформа халықаралық «Astana Hub» технопаркімен бірлесіп әзірленген және еліміз бойынша оқушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, елімізде алғаш рет мұғалімдерді жаңа бағыттар бойынша жаппай даярлау қолға алынды. Облыста 300 педагог «Жасанды интеллект» және «Ойын әзірлеу» бағыттары бойынша онлайн курстан өтіп, жыл басынан бері өз мектептерінде сабақ беруді бастады.

Жаңа пәндер мектептердің оқу жоспарына ресми түрде енгізіліп, оқу бағдарламасына «Жасанды интеллект және үлкен деректерге кіріспе», «Ойын әзірлеу негіздері» атты пәндер қосылды. Бұл – жобаның уақытша бастама емес, жүйелі түрде жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Жаңа курстардың тағы бір ерекшелігі – олардың пәнаралық сипаты. Бағдарламада бағдарламалау негіздерімен қатар, цифрлық дизайн, анимация, қолданушы психологиясы, жобаларды басқару және кәсіпкерлік негіздері қамтылған. Мұндай кешенді тәсіл оқушылардың тек техникалық білім алуымен шектелмей, сыни және шығармашылық ойлауын, сондай-ақ топпен жұмыс істеу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл бастама – еліміздегі орта білім жүйесінде цифрлық трансформацияның нақты іске асып жатқанын айқын көрсететін алғашқы ауқымды жобалардың бірі. Егер пилоттық жоба сәтті жүзеге асса, ол еліміздің басқа өңірлерінде де енгізіліп, жаңа буын IT-мамандарын мектеп қабырғасынан даярлауға жол ашады.

Шығыс Қазақстан облысы үшін бұл жоба IT саласына қызығушылығы артып келе жатқан жастарды қолдап, өңірлік цифрлық білім беру экожүйесін қалыптастырудың берік негізі бола алады.